



4. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңдармен белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өкілетті органның ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары негізінде дайындаған материалдарын қарайды және анықтайды;

2) алдағы үш жылдық мерзімге арналған аудан бюджетінің болжамдық көрсеткіштерін;

3) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары негізінде алдағы жылға арналған бюджет қаражаттары шығыстарының басымдық бағыттарының тізбесін;

4) алдағы ағымдағы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджет бағдарламаларының тізбесін.

5. Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген аудан бюджетінің болжамдық көрсеткіштерін ескере отырып, алдағы және үш жылдық мерзімге арналған аудандық бюджеттің мына болжамдық көрсеткіштерін қарайды және анықтайды:

1) кіші сыныптар бойынша аудандық бюджетке түсімдер;

2) аудандық бюджет тапшылығы және заңдарға сәйкес тапшылықты қаржыландыру;

3) қаржы жылының соңындағы жергілікті атқарушы органдар берешектерінің шегі;

4) ағымдағы жылы жүзеге асырылғандарын ескере отырып, инвестициялық жобалардың жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемдері мен тізбесі;

5) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің ағымдағы жылдың басындағы несиелік борыштарын өтеу көлемі;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен белгіленген үлгідегі аудандық бюджет қаражаттарының шығындануының басымдық бағыттары, аудандық индикативті жоспарының, аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының негізінде құрылған жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік тапсырыстары;

7) ауданның жергілікті атқарушы органының борышқа қызмет көрсетуі және өтеуіне арналған шығындар көлемі;

8) аудандық бағдарламалар әкімшілері бойынша аудандық бюджет шығындары мен несиелендіруді бөлу шегі.

6. Аудандық бюджет жобасына енгізу үшін аудандық бағдарламалар әкімшілері ұсынатын бюджеттік бағдарламалар бойынша негізделген белгілі нысан бойынша әзірленген шешімдер шығарады.

7. Өкілетті органның алдағы қаржы жылына арналған аудандық бюджет жобасын аудан Әкімиятының қарауына енгізуі туралы ұсыныстар дайындайды.

8. Өз құзыретінің шегінде өкілетті орган енгізген басқа да мәселелерді қарайды.

#### **4. Комиссияның құқықтары**

9. Өз міндеттеріне сәйкес Комиссияның мынадай құқықтары бар:

1) атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара ынтымақтаса қызмет істеуге, сондай-ақ Комиссия міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмысқа мамандар мен сарапшыларды тартуға;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдап, ұсыныс е н г і з у г е ;

3) заңдармен белгіленген тәртіпте мемлекеттік және басқа да ұйымдарға Комиссия міндеттерін жүзеге асыруға қажетті материалдарға сұрау салуға және а л у ғ а ;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшыларын Комиссия отырысына шақыруға және оларды Комиссия міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша тыңдауға.

#### **5. Комиссияны қалыптастыру және оның іс-қимылдарының тәртібі**

10. Комиссия құрамын аудан Әкімияты құрады және бекітеді.

Комиссия құрамына кіретіндер:

Аудан Әкімиятының мүшелері;

Аудан Мәслихатының депутаттары (келісім бойынша);

Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және (немесе) олардың о р ы н б а с а р л а р ы .

Қажет болған жағдайда аудан Әкімиятының қаулысы бойынша Комиссия құрамына басқа да адамдар кіруі мүмкін.

11. Комиссия органдары:

1) жұмыс органы;

2) комиссия төрағасы;

3) комиссия төрағасының орынбасары;

4) х а т ш ы .

12. Комиссия отырыстары арасындағы мерзімде оның қызметін ұйымдастыру мәселесін Комиссияның жұмыс органы шешеді.

13. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның жұмысын жоспарлайды, отырыстарда төрағалық етеді, оның шешімдерінің іске асырылуы бойынша жалпы бақылауды жүзеге асырады, Комиссияның жүзеге асыратын қызметіне жауап береді. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның қызметін о р ы н б а с а р ы а т қ а р а д ы .

14. Комиссия хатшысы комиссияның күн тәртібіне арналған ұсыныстар, керекті құжаттар, мәліметтер әзірлейді және ол өткеннен кейін хаттамаларды

р е с і м д е й д і .

15. Комиссия жұмысының жоспар-кестесі республикалық және жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу Ережелерімен анықталған Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен мерзімдерге сәйкес белгіленеді.

16. Комиссия шешімдері ашық түрде дауыс берумен, сондай-ақ Комиссия мүшелерінен сауалдама алу арқылы қабылданады және оларға көпшілік дауыстар берілген жағдайда қабылданады деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының шешімі қабылданды деп есептеледі.

17. Комиссия отырысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарау нәтижелері әр мәселе бойынша шешімді енгізумен хаттамаға тіркеледі және төраға мен хатшы қ о л қ о я д ы .

18. Комиссия шешімдерін барлық мемлекеттік органдар міндетті түрде қарап, белгіленген уақытта орындауға тиіс.

19. Комиссияның жұмыс органының қызметі Зайсан ауданының қаржы б ө л і м і н е жү к т е л е д і .

20. Жұмыс органының функциясы отырыста, сондай-ақ заңдарға сәйкес аудан бюджеті мен аудандық бюджеттің орындалу үрдісінде қаралған бюджет жобасын қалыптастыру бойынша мәселелер мен материалдар даярлау болып табылады.

## **6. Комиссияның іс-қимылын тоқтату**

21. Комиссияның іс-қимылын тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы, оның қызметін тоқтату туралы аудан Әкімиятының қаулы қабылдауы жатады.

2) Осы Ереженің 6 тармағында көрсетілген жағдайлар туған кезде аудан Әкіміне комиссияның орындаған жұмысы туралы есеп-хат жіберіледі.

*Аудан әкімі аппаратының басшысы*

З а й с а н а у д а н ы Ә к і м и я т ы н ы ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 9 қ ы р к ү й е к N 4 8 1  
қаулысына N 2 қосымша

**Зайсан ауданы әкімі жанындағы аудандық  
бюджеттік комиссияның  
ҚҰРАМЫ:**

Комиссия төрағасы ЖАНАҚОВ БАУЫРЖАН ТОРФАЙБЕКҰЛЫ-  
аудан әкімі

Комиссия орынбасары төрағасының ҚИНАШЕВ БОЛАТ ҚИНАШҰЛЫ-аудан  
әкімінің орынбасары

Комиссия хатшысы ҚАЛИМОЛДАНОВА ФАРИХА КӨЛБАЙҚЫЗЫ-  
ұйымдастыру кадр жұмысы және  
бақылау бөлімінің бас маманы

ЖАЛЕЛХАН СЫРЫМ-экономика бөлімінің  
жетекші маманы

Комиссия мүшелері:

ЗАЙНУЛДИН СЕРІК ЗИНАБЕКҰЛЫ		аудан әкімі орынбасары			
ЗАВАЛКО ВЛАДИМИРОВНА	ВАЛЕНТИНА	аудандық меңгерушісі	қаржы		бөлімінің
АҚТЕКЕНОВ ҚАНАҒАТҰЛЫ	ОРАЗКЕН	аудандық салық комитетінің бастығы			
МАНКУПОВА ГУЛЬНАР		аудандық меңгерушісінің орынбасары	қаржы		бөлімі
МЕҢБАЕВ ҚИНАЯТОЛЛАҰЛЫ	МАЙДАН	аудандық меңгерушісі	экономика		бөлімінің
КӨШЕРБАЕВ МҰРАТ СЛЯМБЕКҰЛЫ		аудандық меңгерушісі	білім		бөлімінің
ГАЙСИНА КӨПЖАСАРҚЫЗЫ	НҰРФИЗА	аудандық меңгерушісі	денсаулық	сақтау	бөлім
СЕЙІТОВ САЙЛАУБЕК СЕЙІТҰЛЫ		аудандық корғау басқармасының бастығы	еңбек,	халықты	әлеуметтік
САПАРҒАЛИЕВА СОВЕТХАНҚЫЗЫ	МИРГҰЛ	аудан әкімі аппаратының бас маманы			
САНСЫЗБАЕВ РИЗАБЕК ҚАМАШҰЛЫ		аудандық келісімімен)	мәслихаттың	хатшысы	(өз
АСҚАРОВА ҒАЛИЯ		аудандық бөлімінің меңгерушісі	мәдениет	және	спорт

*Аппарат басшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК